

Менгеруші жанындағы кеңестің

№6 хаттамасы

15.08.2024ж

Катысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Мамыр мерекелерін талқылау.
3. Жаңа оқу жылына дайындық.
4. Кіріс құжаттарын талқылау.
5. №1 педкеңеске дайындық.

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде откен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақша қызметкерлері белсенділік танытып, жақсы дайындалған. Соның нәтижесінде мерекелік іс-шаралар өте жақсы өтті. Балалар да өз өнерлерін ойдағыдай көрсете білді. Ертенгіліктерде қауіпсіздік ережелері дұрыс сақталды. Педагогтарға әр түрлі тақырыптарда өз білімдерін жетілдіру жоспары берілген. Сол берілген жоспарларды орындаі отырып, нәтиже шығаруда.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мамыр мерекелері туралы айттып өтті. Мамыр мерекелерін талқылайтын болсақ 9 мамыр Женіс күні, 1 мамыр бірлік күніне орай балабақшамызда ертенгілік шарасы өткізілді. Ертенгілікті Ашық есік күнімен бірге атап өттік. Ашық есік күнінің тақырыбы «Әрқашан күн сөнбесін». Мақсаты: балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтастын, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуді қарастыру. Ашық есік күніне ата-аналар көптеп қатысты. Ата-аналарды тіркей отырып, қол өнер көрмесі көрсетілді. Одан соң балабақша менгерушісі ашық есік күнінің ашылуын жүргізді. Тәрбиешілер Джурунбаева.Ж «Қатынас», сөйлеуді дамыту, «Таным», сенсорика «Ғажайып гүлдер» тақырыбында ортаңғы «Балауса» тобына ұйымдастырылған ашық оқу қызметін өтсе. Ж.Жұмашева «Қатынас», көркем әдебиет, «Таным» математика негіздері «Маша мен аю» тақырыбында ұйымдастырылған ашық оқу қызметін өтті. Ашық оқу қызметтері өте жақсы өтті. Тәрбиеші көздеген мақсатына жете алды. Ашық оқу қызметінің жоспары өте жақсы күрылған. Балалар тапсырмалардың бәрін орындаған, ойынға белсене қатыса білді. Әдіскер Койланова.Р «Менің мінезім» тақырыбында әдістеме жүргізді. Ата-аналар әдістеме барысында қойылған сұрақтарға ұтымды жауап беріп, белсенділік танытты. Ашық есік соңында «Ұлы женіс – жасасын!» тақырыбында мерекелік ертенгілік өткізілді. Ертенгілікте балалар

солдаттық форма киіп биледі. Әндерін айтты. Сахна тақырыпқа сай безендірілген. Ата-аналары балаларының өнерлерін көріп катты қуанды. Ашық есік күнін қорытындылау барысында ата-аналар өз ойларын айта отырып ризашылықтарын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша менгерушісі сөз алды. Барлық топтар жаңа оку жылына 100%-ға дайын болуын, барлық оку қызметінің күнтізбелік жоспары, технологиялық карталары, циклограмма, әдістемелік құралдары және оку қызметіне қажетті құрал жабдықтар, кезекшілік бұрыштары, төсек, сұлгі, шкаф, т.б. маркировкалары сақадай сай болуын қадап айтты. Ата-аналарға арналған стендтерді ретке келтіру, балалардың бейімделу кезеңінде ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасауды айтып өтті.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер сөз алды. Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Жаз айларына арналған іс-шаралар жоспары түзіліп, балабақша қызметкерелері сол жоспар бойынша жұмыстар жүргізді. Тәрбиеленушілердің таза ауда көбірек болуына, қымылды ойындар арқылы қымыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілді. Балабақша қызметкерелері өз жұмыстарын тиянақты жасады.

Бесінші мәселе бойынша менгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде №1 педагогикалық кеңеске дайындық туралы мәселеге тоқталды. Педагогикалық кеңесте оқылатын баяндаманы тәрбиеші Джурунбаеваға жүктеді, тәрбиешілерге пікір алмасуға дайындалуды, балабақша қызметкерлеріне көрме үйымдастыруды тапсырды.

Шешімі:

1. Мамыр мерекелерінің сценарилері тапсырылсын.
2. Оку тәрбие процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты бойынша түзілсін.
3. Жазғы сауықтыру шараларының жүргізілуі шолу тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Тәрбиешілер №1 педагогикалық кеңеске дайындалсын.

Тәрайымы,



Койланова.Р

Хатшы



Джурунбаева.Ж

Менгеруші жаңындағы кеңестің

№5 хаттамасы

06.05.2024ж

Қатысқаны – 6

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. 8-наурыз, Жыл басы наурыз мерекелерін талдау.
3. Балалардың қортынды мониторинг нәтижесі.
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып етті. Балабақшадағы топ тәрбиешілері, көмекші тәрбиешілер балалармен гигиеналық шараларды дұрыс ұйымдастырып келеді. Балалар өздеріне қызмет жасай алады. Апайларының тапсырмаларын бұлжытпай орында, тексеру барысында жаксы нәтиже көрсете білді. Мереке ұйымдастырушыларына балабақша менгерушісі алғыс білдіре отырып, жұмыстардың басым көпшілігі сіздердің арқаларында бітуде. Топтағы тәрбиеленуші балалар өздерінің өнерлерін жақсы жағынан көрсете білгендігі ол сіздердің жұмыстарының.

Екінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі өткен мерекелердің корытындысы бойынша тоқталып етті. Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жаңын да аямаған ардақтысы. Мен ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тогыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп кана қоймайды, оны көзінің қараашығындағы корғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұргызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сініретін, жылауын қойғызатын ана. Ана баланың амандығын бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздығы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсынсыз, ақылды не ақымақ, мейірімді не ракымсыз, кесір - қырық болса да бәрібір шексіз сүйеді. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басын басатын ештеңе жоқ. Өйткені ананың көз жасы өзінің киесімен ауыр. Алайда «Ананың көңілі - балада, баланың көңілі - далада» демекші, өзінің перзентік борышын ұмытқан, сейтіп ата - анасын сыйламайтын адамдарды да өмірден кездестіруге болады. Ана - тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Анасы жоқ балалар да аз емес. Олар ананың мейірімін, аялағанын ешқашан сезген емес. Ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші. Көңілдеріңізге кектем шуағындағы сезім мен нұр құйып, 8 – наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келді. Көктемнің шуақты күндерімен қатар келіп жатқан төл мерекелерінің күтті болсын! Осынау көркем мерекесін қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын діңгегі. Осы мерекеге орай «Ана – гүл, Ана – жыр, Ана – өмір шуағы!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Ертенгілікке «Балдаурен» тобының сұлу да, сымбатты қыздары қатысып сайысты. Сайыс шарттарына қыздарымыз өте жақсы дайындалған. Таныстыру, өз өнерін көрсету, сұрақ-жауап, киім үлгісі шарттарында қыздар өнерлерін көрсетіп сайысты. Сайыс соңында ақылды қыздарымыз жүлделі орындарға ие болып, сыйлықтар алып, марараптаталды. Осы сайысты үйымдастырган балабақша қызметкерлеріне айттар алғысым шексіз. Себебі біз өзіміздің жұмысымыздың жемісін көрдік. Осы ертенгілікке үлкеннің батасын алу мақсатында ауылдағы карт әжелерді шақырган болатынбыз. Шакыруды алған әжелер толығымен бақшамызға келді. Келіп бізді бір куантты. Балалар өздерінің өнерлерін жақсы жағынан көрсетті.

Әжелеріміз бұлдіршіндерге көрсеткен өнерлеріне алғысын білдірді. Әжелеріміз аспазшы апайдың қолынан дәмді етіп пісірілген тамактардан дәм ауыз тиіп, арқа жарқа әңгімелесіп, бір марқайып қалды. Әжелерімізге балабақша әкімшілігі атынан сыйлыққа ақ орамал бастарына жабылды. Әжелер біздің осы жұмыстарымызға ризашылықтарын білдіріп, балабақша ұжымына баталарын берді. Наурыз – парсы сезі. Бұл қазакша айтқанда, «Жаңа күн» деген сез. 22 наурыз күнін «Жаңа күн» деп атаудың мәнісі неде? Оның мәнісі мынау: 21-нен 22-не қараған наурыз күні күн мен түн тенеледі. Сонан кейін күн ұзарып, жылы бола бастайды. Сондықтан 22 наурыз жаз айы болып табылады. Жаз болса, дүние жаңаланады: ағаш бүршік атып, жердегі шөптер қылтиып, малдар төлдейді. Жылдың төрт тоқсанының ішінде дүниені жасартып, жаңалайтын тоқсаны – жаз. Сол тоқсаның басы 22 наурыз болғандыктан бұл күн «Наурыз» яғни «Жаңа күн» деп аталады. Осы Наурыз мерекесіне орай балабақшамызда «Қош келдің, Әз Наурыз!» тақырыбында мерекелік ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікті Мақпал апайы жүргізді. Ертеңгілікті балабақша тәрбиеленушілері әндерін айтты, билерін биледі.. Ата-аналар тан тамаша болды. Гулдана ата-анамыз Айдай қызымыздың тұсау кесер рәсімін жасаймын деп қолқа салған соң ертеңгілік барысында Айдай қызымыздың тұсауын кестірдік және үлкендердің батасын алдық. Ертеңгілік ете керемет өтті. Ата-аналар алғыстарын айттып, ризашылықтарын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сез алды. Ол кісі өз сезінде мамыр айларындағы қортынды мониторийгке тоқталды. Келесі оқу жылында 1-денгейлі балалар мен тәрбиешілер көбірек жұмыс жасап балалардың білім мен біліктілік деңгейлеріне бағытталған оқу іссе әрекеттерін жақсарту керк деген тұжырым жасады.

Төртінші мәселе бойынша

менгеруші сез алып, педагогтардың өз білімін көтеру нәтижелеріне тоқталды. Педагогтардың жұмыстарының сапасын жетілдіру педагогтардың әзірлік деңгейіне тікелей байланысты. Бұл деңгей және үнемі өсіп отыру да қажет. Сондықтан педагогтардың өздігінен білімін жетілдіру әрекеттерінсіз біліктілік арттыру бағыттындағы әр түрлі курстар, семинарлар мен конференциялар тиімді нәтиже бере қоймайды. Өздігінен білімін жетілдіру кез келген мамандықтағы өз ісіне творчествалықпен және жауапкершілікпен қарайтын әрбір маман үшін қажеттілік болып қалыптасып отыр. Педагог бәрін де тұрақты түрде оқып-бліп отыруы тиіс, өзіндік психологиялық және интелектуальдық өрекшеліктеріне байланысты, әкпарат көздері арқылы жұмыс жүргізу, өз қызметі мен әріптестер қызметіне талдау жасау секілді дербес еңбек процесінде қалыптасатын қасиет. Дегенмен, педагогтар өздігінен білімін жетілдіруге қаншалықты қабілетті болғанымен, бұл процесс практикада жүзеге аса бермейді. Тәрбиешілер мұнын негізгі себептері ретінде уақыттын жоқтығын, әкпарат көздерінің жеткіліксіздігін және басқа да жәйттерді алға тартады. Бұл ой енжарлығы мен жалқаулығының көрінісі десе болады, өйткені өзін-өзі жетілдіру әрбір педагогқа тән ажырамас қажеттілік болуга тиіс. Педагогтарға әр түрлі тақырыптарда өз білімдерін жетілдіру жоспары берілген. Сол берілген жоспарларды орындаі отырып, нәтиже шыгаруда.

Шешімі:

- Балаларды балабақшаға камту мақсатында ата-аналарды балабақшада үйымдастырылып өткізілген түрлі іс-шараларға қатысуын үйымдастыру.
- Ата-аналарға мереке күндерін үйде қалай атап өту керектігі жөнінде кенес немесе дәнгелек үстел өткізуі үйымдастыру.
- Тәрбиешілер жан-жақты ізденіп, жұмыс жүргізсін.

Тәрайымы,

Хатшы;

Койланова.Р

Джурунбаева.Ж



**Менгеруші жанындағы кеңестің
№4 хаттамасы**

04.03.2024 ж

Катысқаны – 7

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балалармен гигиеналық шараптарды ұйымдастыру» салыстыру тексерудің қорытындысы.
3. Ертеңгіліктер мен мерекеліктердің өткізілу барысы.
4. Кіріс құжаттарын талдау

Бірінші мәселе бойынша балабақша менгерушісі Койланова Р сез алды. Ол кісі өз сөзінде откен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Аралық мониторингтің барлық топтар бойынша қорытындысының нәтижесі баламен жеке түзету жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы айтып өтті. Тәрбиешілерге балалар мен жұмысты ұйымдастыруда әр баланың жеке дамуының білім беру траекториясының оку динамикасын қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту процесін дараландыруды қамтамасыз етулерін талап етті.

Екінші мәселе бойынша менгеруші «Балалармен гигиеналық шараптарды ұйымдастыру» салыстыру тексерудің қорытындысы туралы айтып өтті. Ол кісі өз сөзінде акпан айның он алтысы күні балабақшамызда Кіші «Балбебек» тобында салыстыру тексеру жүргізгенбіз. Мұндағы мақсатымыз баланың жеке басының тазалығы мен салауатты өмір салты туралы жалпы білімдерін кеңейтіп, балалардың дағдыларын жетілдіру болатын. Комиссия төрайымы өзім және мүшелері медбике қатысты. Кіші топқа өзара қатысып бакылау жүргіздік. Тексеру нәтижесінде «Балауса» тобының тәрбиеленушілері жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын менгерген, өздігінен ұқыпты тамақтанады, қасық, кесе, майлықты дұрыс және орынды қолданады. Тамақ ішер алдында беті, қолдарын жуу, қол орамал қолдану, сұлғіні өз орнына ілу сияқты дағдыларды жақсы менгергендігін байқадық. Топта тамақтану мәдени дағдылар жақсы

қалыптасқан. Балалар үстел барысында дұрыс қалыпты сақтап, асхана құралдарын дұрыс қолданып, тамақтан соң алғыс айтуды үйренген. Тексеруді қорытындылай келе ұсыныстар да айтылды.

Үшінші мәселе бойынша мерекелердің өткізілуін талдау. Сөзге кіші «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Б.Медетова шықты. Ол өз сөзінде Жаңа жыл мерекесі балалар үшін ең керемет мереке. Бұл мейрамның көңілді болып өтуіне балабақша қызметкерлері де ата-аналар да атсалысты. Бірақ қазіргі уақытта пандемияға байланысты мерекені барлық топ бірге өткізбей сахналық арнайы жасалған шырша жанында бөлек өткізді. Ата-аналардың қатысуыныз. Мен ересек «Балдаурен» тобының өткізген Жаңа жылдық мерекелік іс-шарасы туралы айтқым келіп тұр. Жанат апайдың және ата-аналардың енбегі арқасында мереке өте керемет өтті. Топтағы балалардың мерекелік киімдері талапқа сай болды. Балалар тақырыптарды орыс тілінде де жақсы айтты. Ән, билері жас ерекшеліктеріне сай таңдалған. Балалар көтерінкі көңіл күйде отырды. Балалардың қатысуымен көріністер, ойындар да ойнатылды. Сонында Аяз ата мен Ақшақар балаларға сыйлықтарын тарқатты. Мен алдағы уақытта апайларымызға шығармашылық табыстар тілеймін.

Сөзге ортаңғы топ тәрбиешісі Ж. Жұмашева шықты. Ол өз сөзінде мен «Балдаурен» тобының Жаңа жыл ертеңгілік іс-шарасына қатыстым. Кішкентай бұлдіршіндер қол ұстасып «Шырша жырын» орындады. Балалар Аяз атага тақпақтар айттып би биледі. Сонында Аяз ата мен Ақшақар балаларға сыйлықтарын тарқатты. Балалар өте көтерінкі көңіл күйде болды.

Төртінші мәселе бойынша 8 наурыз ертеңгіліктерінің іс-шарасын бекіту туралы балабақша менгерушісі сез сөйлемді. Ол өз сөзінде көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз ардақты аналар мерекесінің іс-шарасының сценариін бекітіп мерекені жақсы дайындықпен өткізулерін қадап айтты. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Сонымен қатар Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің ертеңгілік іс-шарасын бекітуін айтты. Наурыз мерекесі айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, қадір қасиеттілік белгілерімен ерекшеленетінін білеміз. Наурыз айында өтетін осы мерекелерді жоғары деңгейде өтілуін тәрбиешілер және ән жетекшісіне жүктейміз.

Шешімі:

1. Топтарда гигиеналық шаралар толығымен орындалсын.
2. Өткізілген мерекелердің кемшіліктері мен жұмыстар жүргізілсін.

3. 8-наурыз, 22-наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу тәрбиешілер ән жетекшісіне тапсырылсын.

Тәраймы;

Хатшы;



Койланова.Р

Джурунбаева.Ж

Менгериші жаңындағы кеңес

№3 хаттамасы.

10.01.2024 ж

Жиналғандар саны -6

Күн тәртібі:

1. Откен кеңесінің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәуелсіздік күні», «Жаңа жыл» мерекелерін талдау.
3. Балалардың біліктегі мен дағдыларының дамуын аралық мониторинг нәтижесі.
4. Балалардың дене бітімінің жетілуіне арналған ойын құралдарын пайдалануы» тақырыптық тексеру қортындысы.

Тындалды : Откен кеңестің орындалуы жөнінде балабақша менгеришісі Койланова Р тоқталып өтті. Тәрбиешілер толықтыруда.

Тындалды: «Балдаурен» ересектер тобының тәрбиешісі Джурунбаева Ж Тәуелсіздік күніне арналған «Менің Қазақстаным» тақырыбында ашық үйымдастырылған оқу қызметін талқылайтын болсақ, сабак онлайн ретінде қызықты өтті, балалар белсene қатысты. Отан туралы түсініктегін калыптастырып, Қазақстанның тәуелсіздігі жайлы көп маглұмат берді. Тәуелсіздік сезінің мән-мағынасын, рәміздерін таныстыруды. Тәрбиешілер Жақсы деген баға қойылды.

Сонымен бірге топтардың жаңа жылдық мерекесіне тоқталсақ, ата-аналар балаларды Жаңа жыл мейрамына киіндіріп, тақтақтарын айтқызып, ватсал арқылы тәрбиешіге жіберді. Тәрбиеші балаларды мақтап, смайликтер арқылы ризашылығын білдірді.

Жаңа жылдық әндер жіберіп, балаларға, ата-аналарға керемет көңіл-күй сыйладық деуге болады.

Тындалды: Балабақша менгеришісі Р.Койланова балабақшаның Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру бойынша аралық мониторинг нәтижелерімен таныстырып өтті.

Улгілік оқу бағдарламасының 1 тоқсанға арналған нәтижелерін менгеру деңгейі орташа, жас ерекшелігіне сай талап, мақсат міндеттер жоспарланған. Жоспар бойынша оқу тәрбие үдерісін жүргізуі тапсырды.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты оқу жүктемесіне 5 білім саласының мазмұны кіреді:

Денсаулық, Қатынас, Таным, Шығармашылық, Әлеуметтік орта.

Шығармашылық білім беру саласының мақсаты:

— мектеп жасына дейінгі балалардың сезімдік –эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдениеті мен елестетуін дамыту.

Шығармашылық білім саласының базалық мазмұны:

- сурет салу;
- мүсіндеу;
- жапсыру;
- музика.

Шығармашылық білім беру саласында баланың әлемге деген эстетикалық катынасы мен ұлттық ,классикалық және заманауи көркем құралдарының дамуымен бірге қалыптасусы қарастырылады. Балалар шығармашылығы мен әрекеттерін біріктіру арқылы балалардың көркемдік қабілеттерін қалыптастырады. Музика сабагында ырғакты музикаға билеп, би қозғалыстарын орындайды. Ендігі жоспарда қабыргаларға айна ілу, балалар билегенде өз кимылдарын көріп , биге тез үйренеді. Акт залда түрлі ұлттық аспаптармен толықтырылды. Әрбір тәрбиеші сабактан тыс уақытта балалардың шығармашылығын дамытатын әр түрлі кездесулер, іс-шаралар ұйымдастыру қажет. Ис-шара барысында, әрбір балаға өзіндік ойын, көзқарасын білдіруге мүмкіндік беру керек. Осындай жұмыстарды үнемі жүргізу балаларды шығармашылықта баулуға, шәкірт бойындағы қабілет көзін ашып, тілін байытуға, қиялын ұштауға, өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді. Балалардың қызығушылығы мен қабілеті әр түрлі. Соңдықтан балабақшада балаларға арналған арнайы үйірмелер ұйымдастыру арқылы олардың шығармашылық қабілеттерін шындаі түсуге болады. Үйірме жұмыстары еркіті түрде болатындықтан балалардың жеке мүмкіндіктеріне байланысты ұйымдастырылуы қажет. Үйірме жұмыстары тәрбиешіге әр түрлі сабактар өткізуғе балалардың шығармашылық жұмысқа сүйіспеншілігін арттырып жұмысты орындауға қызығушылығын қалыптастыруға мүмкіндік тудырады.

Үйірме жұмысы балалармен күннің екінші жартысында вариативтік бөлімде өткізіледі. Өткізу орындары: топ бөлмесі, музика залы, бейнелеу өнері студиясы, денешынықтыру залы жас тобына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы кестесіне енгізу қажет.

Шешім;

- 1.Өткен кеңес шешімдері орындалсын.
2. Балалардың білім біліктілігін дамытуда үлгілік оқу бағдарламасы күтілетін нәтижесі негізінде жүргізілсін.
- 3.Әрбір педагог өз кәсіби құзіреттілігін, міндеттерін адал жауапкершілікпен атқарсын.

Тәрайымы;

Койланова.Р

Хатшы;

Джурунбаева.Ж



Менгеруші жанындағы кеңес

Хаттама №2

22.11.2023 ж.

Қатысқандар саны- 7

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы. Менгеруші
2. «Алтын күз» мерекесін талқылау туралы. Менгеруші
3. «Балалардың танымдық дағдыларын дамытудың әдіс-тәсілдері» . «Балдаурен» ересек топтағы тақырыптық тексеру туралы. Менгеруші
- 4 . Тәуелсіздік күні мен Жаңа жыл ертеңгіліктерінің сценарийлерін бекіту туралы.
 1. Тындалды. Балабакша менгерушісі Койланова.Р сез сейледі. Ол өз сезінде откен кеңес шешімдерінің орындалуы туралы айтты. –Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы туралы бақылау және басқару бойынша жедел тексеру жүргізілді. Тексеру корытындысының аныктамасы бар. Жалпы және топтық ата-аналар жиналыстарын өткізуге дайындық жұмыстары жүргізілді. Ата-аналарға арналған сауалнама, психо – тренинг сценарилері түзілді. «Алтын күз» бақшаішілік ертеңгіліктің сценарийлері бекітілді. Түрлі мәселе бойынша балларды балабақшага қабылдау және топтарға орналастыру бойынша нобд және ситетен порталы арқылы балалар толық тіркелді.
 2. Тындалды. Балабақша менгерушісі сез сейледі .Ол өз сезінде 2023 жылдың 20-қазан күні «Балдаурен» ересек және «Балауса» орта топтарында «Алтын күз »мерекесіне арналған концерттік бағдаралама болып өтті. Сахна тақырыпка сай безендірілген .Балалар да мерекелік костюм киген. Барлық балалар тақпактарын өте жаксы айтты. «Жау жанбыр » хорын жақсы орындағы. Ересек тобының қыздары «Жапырақтар » биіне өт жақсы биледі.Ал «Балдаурен» тобының қыздары «Көңілді күн » әуеніне колшатырлар алғы шығып жақсы биледі. Ортаңғы топ ұл балалары «флешмоб»,және твист биіне өте жақсы биледі. Екі топтың да тәрбиешілері концерттік номірлерге өте аз дайындаған . Сондықтан орта деңгэ деген баға беріледі , -деді.
 3. Тындалды . Балабақша менгерушісі сез алды. -2023 жылдың 28 қазанда «Балдырган» ересек тобында тақырыптық тексеру болып өтті. Тәрбиеші – Джурунбаева.Ж. Тақырыбы: «Балалардың танымдық дағдыларын дамытудың әдіс-тәсілдері» Тәрбиеші танымдық дағдылар бойынша Деньеш технологиясы мен Кюзенер таякшалары технологиясын жоспарлаган. Тәрбиеші балаларға тосын сый жасады.Топқа телефонмен жұмыс жасайтын маман-телефоншы келді . Телефонист –телефоншы- түрлі хабарламаларды жеткізуі және байланыстыруши. Ол балаларға телефон аппаратының құрылымы туралы ноутбук арқылы қызықты ақпарат-суреттер көрсетті.Ал, компьютермен жұмыс жасайтын адамды информатик деп айтады деді. Тәрбиеші- ал, енді балалар ,алдарында жатқан түрлі пішіндердің арасынан телефон,телевизор,компьютердің пішіндерін жасауға лайықты фигуralарды тауып,құрастырындар- деді. Балалар тік

төртбұрыштар мен кубиктерден құрастырып шықты. Сондай ақ Кюзенер таяқшаларынан паравоз бен вагондарды және 1 дең 5 ке дейінгі сандарды құрастырып шықты. Іс-әрекет қызықты өтті.

Жетістігі: Тәрбиеші жаңа технологияларды тиімді пайдаланды. Тосын сый тақырыпқа сай болды.

Кемшілігі: Тәрбиешінің көрнекіліктері аз болды. Жан-жакты ізденіп, қызықты мағлұматтарды балаларға көбірек жеткізу керек еді, -деді менгеруші. Алдағы уақытта үйымдастырылған іс-әрекетке жан-жакты дайындалып, көрнекіліктерді көбейту ұсынылды. Тәрбиеші Джурунбаеваға «жаксы» деген баға беріледі, -деді менгеруші.

4. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі сез алды. Ол өз сезінде – Құрметті әріптестер, алдағы желтоқсан айында үлкен екі іс-шараны атап өтетін боламыз. Біріншісі- еліміздің тәуелсіздігіне 31 жыл толу мерекесін атап өтеміз. Екіншісі – «Армысың, жаңа жыл» атты жалпы балабақша ішілік өртөнділік . Жан-жакты ізденіп, дайындалып, алдағы дүйсенбі күні сценарийді маған бекітуге алып келиңдер, -деді менгеруші .

5. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі сез сөйлемді . Ол өз сезінде – Құрметті әріптестер, казіргі таңда ауа-райы құрт салқындаپ, орви, ларингит секілді аурулар асқынып тұр. Ата аналармен тығыз байланыста болыңыздар. Дене қызыу бар баланы әкелуге болмайды. Тамагы іскен ауру-жүкпалы болатынын ескертініздер. Қалың киім кигізіп жіберсін.. Тырнак-шаштары өскен жағдайда кысқартып , жуындырып, шайындырып әкелетін болсын . Медбике, үнемі қадағаланыз , -деді менгеруші.

Шешім:

1. Өткен кенес шешімдері орындалды.
2. «Алтын күз» мерекесін өткізген тәрбиешілерге «орта» деген баға берілсін.
3. Тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша тәрбиеші Ф.Жаумытоваға «жаксы» деген баға берілсін.
- 4 «Тәуелсіздік мерекесі», «жаңа жыл» мерекелерінің сценарийлері дер кезінде бекітілсін.
5. Медбике Сейдахан А тұмаудын алдын алу жұмыстарын тыңғылықты жіргізсін, ауруларды есепке алуды уактылы жүргізсін.
6. Топтық ата-аналар жиналышы 2023жылдың 15 желтоқсан күні өткізілсін.

Төрайымы;  Койланова.Р

Хатшы;  Джурунбаева.Ж

Менгеруші жанындағы көңес

№1-Хаттама

05.09.2023ж

Қатысқандар саны:9

Күн тәртібінде :

1. Топтардың жана оку жылына дайындығына байланысты шолу бақылау жүргізу туралы.
2. Жалпы ата-аналар жиналышын өткізу туралы.
3. «Армысың, Алтын күз» ертеңгілігіне сценарийлерді бекіту туралы.
4. НОБД және балабақша сиңген мен балаларды балабақшага қабылдау туралы.

1. Тыңдалды. Балабақша менгерушісі сез сөйлемді. Ол өз сезіндегі 2023-2024-ші жана оку жылымен барлық қызметкерлерді құттықтады. Жұмыстарына сәттілік тілей отырып, табандылықпен, ерекше жігерлене еңбек етуге шақырды.
 - «Бақылау және Басшылық». Шолу тексеру корытындысы туралы балабақша менгерушісі Койланова Р сез сөйлемді. -2023-жылдың 04-күркүйек күні шолу бақылау жүргіздім. Такырыбы: «Топтардың жана оку жылына дайындығы қандай деңгейде?»
 - Бакылаудың максаты: Эрбір тәрбиеші топтарды стандартқа сай күрүп, әсерлі етіп безендірулері қажет. Оку материалдары мен көрнекіліктері балалардың жас ерекшеліктеріне сай келуі, және заттық – дамыту орталығының 5 дағды бойынша жабдықталуы тиіс.
 - Бақылау нәтижесіне тоқталар болсам:
 - 1) Заттық – дамыту орталықтары толық жабдықталмаган. Атап айтқанда, қаралайым математикалық білім белімінің құралдары, сенсорикалық оку – материалдары, сондай ақ үлестірмелі карточкалар өте аз. Санамактар, желімдер, толық емес.
 - 2) «Табигат бұрышы» мен «Ұлттық бұрыш» толықтырылмаган.
 - 3) «Денсаулық» дағдыларында құрсаулар мен кегли, секіртпелер, құм салынған қапшықтар әр балаға жетпейді.
 - 4) «Қатынас» дағдылары бойынша да кемшіліктер бар. Устел үсті театры, магниттік театр, қуыршақ театры көленке театр жоқ. Ертегілер туралы кітапшалар мүлдем аз. Қалдық заттардан жасалған заттар бар, бірақ олардың түрлері аз.

Ұсыныс:

- 1) Тәрбиешілерге жоғарыда аталған заттардың бәрін жасап, жабдықтау жұмыстарына кіріссін. Мерзімі: 18.09.2023ж.
- 2) Безендіру жұмыстарына ата-аналар да катыстырылсын. Мерзімі: 18.09.2023ж.
- 3) Енбек құралдары толықтырылсын. Мерзімі: 18.09.2023ж.
- 4) Патриоттық-әскери бұрыш және сауықтыруға арналған материалдар толықтырылсын. Мерзімі: 18.09.2023ж.
- 5) Түрлі мамандықтарға арналған құрал-жабдықтар толықтырылсын. Мерзімі: 18.09.2023ж.

Сөйлегендер:

Джурунбаева.Ж тәрбиші: -Койланова.Роза апай ескертүініз орынды ,келесі дүйсенбі күні пәндік-дамыту орталықтарын толықтырып,жоспарды түзіп,дайындалып келеміз -,деді.

2. Тындалды. Балабақша менгерушісі сез сейледі:-Күрметті әріптестер ,өздерініз білесіздер,балабақшага балардың көптеп келуі тікелей ата-аналарға байланысты.Сол себепті олармен қарым-қатынасты нығайта түсуіміз керек. Осы жылдың қыркүйектің 18-күні жалпы ата-аналар жиналысын,22 күндері топтық жиналыстарды өткіземіз. – Жиналыста қандай мәселелер айтылу керек ? Бакшага балалар 90-100 пайыз келу керек.

Ауырып жүрген баланы үйде емдеу,ата-аналарды ашық іс-әрекет шараларына қатыстыру(әлеуметтік қашықтықты сақтай отырыш,),пед. кеңестерге қатыстыру қажет..Әрбір ата-ана баласының білімді,білікті болып өсуіне мән беруге тиіс.Сондай-ак,әрбір ата-ана отбасы болып, салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын ескеруі тиіс. Тағы бір мәселе, балаларымызға қазактың ұлтық дәстүрлері мен өзге де ұлттардың салт-дәстүрлерін,музыкалық аспаптары мен шыгармаларын насихаттауымыз маңызды . Жиналыста сонымен катар,ата-ана төлемақысы туралы да айтып өтілді..Биылдан бастап төлемақы сомасы 5000 теңге болды-,деді менгеруші.

Сөйлегендер:

Жанабекова.Л,мед.бике:-Роза апай дұрыс айтады.Мен де өз жоспарым бойынша екпе туралы,бойлары мен салмақтары туралы ата –аналарға мәлімет беруім керек.Денсаулық паспорттары түгел емес, алдыруымыз керек. –күрметті тәрбиешілер ,ата-аналармен үнемі байланыста болып,тапсырма берініздер -,деді

3.Тындалды. Менгеруші сез алды. Ол өз сезінде :-Күрметті тәрбиешілер,комекшілер,Күз айы берекелі,мерекелі мезгіл.Балаларға күз туралы,жеміс-жидектердің дәруменге бай,ағзага пайдалы екенін дәріптеу мақсатында қазан айының бірінші онкүндігінде ертengілік өткізуі ұсынамын. Ертерек сценарилерінізді түзіп,бекітуге маган ұсыныңыздар -,деді Тәрбиешілер бірауыздан келісті.

4. Тындалды.Балабақша әдіскері Койланова.Роза апай сез сейледі: -Қазір балабақшага балаларын орналастыру науқаны жүріп жатыр.Кейбір балалар басқа балабақшага ауысып жатыр. Орнына келіп жатыр.Сіздерден өтініш ,ата аналар мен жана келген балалардың құжаттарын сұратқан кезде үялы телефондарымен коса алдырып,жылдам жұмыс жүргізініздер.Өйткені әр айдың 25-негінен біліміне балалар тізімін тапсырамыз.Егер бала саны кем болса,айлықтарыныңға иүксан келетінін ескертеміз-,деді әдіскер.

Шешім:

1. Топтарды жабдықтауға байланысты айтылған кемшіліктер бойынша жұмыс жүргізілсін. Мерзімі: 1 апта.
2. Жалпы ата-аналар жиналышы 2023ж. 18-қыркүйек күні өткізілсін. Топтық ата-ана жиналышы 20.09на өткізілсін.
3. «Алтын күз» мерекесінің сценарийлері түзіліп, бекітілсін.
4. «НОБД», «Ситцен» бойынша балалар құжаттарын тез арада жинақтал, әдіскерге тапсырылсын.

Төрайымы,

Хатшы;

Койланова.Р

Джурунбаева.Ж

